



ЖАЙДАРМАН

Кербұлақ ауданына қарасты Жоламан ауылында «Ауыл құтқарушылары» жобасы аясында жаңа өрт сөндіру бекетінің салтанатты ашылуы өтті. Жұртшылық үшін айрықша маңызы бар нысанның ел игілігіне берілуі – ауыл қауіпсіздігін арттыру жолындағы елеулі қадам.

Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ



ТІЛСІЗ ЖАУҒА ТОСҚАУЫЛ

көрінісі. Өрт сөндірушінің міндеті – қиын сәтте елден бұрын қимылдап, қатерге қарсы тұру. Сондықтан мұнда қызмет ететін азаматтардың жауапкершілік жүгі ауыр. Жаңа бекет тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге сеп болып, төтенше жағдай кезінде жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Ел аман, жұрт тыныш болсын. Жаңа нысанның жұмысына береке тілеймін, – деді Қанат Дүйсенбекұлы.

Өз кезегінде Кербұлақ ауданының әкімі Жанат Жүнісбеков ауыл жұртын жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, мұндай бас-тамалардың маңызын тілге тиек етті.

Жаңа бекеттің ашылуы ауыл азаматтарының да көңіліне медеу болды. Өйткені төтенше жағдайға неғұрлым ерте ден қою – адам өмірі мен мал-мүлікті сақтап қалудың негізгі шарттары-

ның бірі. Бұған дейін шалғай елді мекендерге жетуге кететін уақыт енді едәуір қысқарады.



Жоламан ауылы,
Кербұлақ ауданы

Құрметті оқырман!

Аймақтың тыныс-тіршілігі мен әлеуметтің әлеуетінен хабардар болып, сан саланы қамтыған мемлекеттік бағдарламалар жайлы білгіңіз келсе, қоғамды ғана емес, өзіңізді толғандырған сауалдарға жауап іздесеңіз, өнер өрісі мен әдебиет әлеміне қызықсаңыз, тамыры терең тарихымыздан нәр алуды ойласаңыз облысымыздың төл басылымы, қазақ баспасөзінің атасы «Jetisú» газетіне жазылыңыз. Ол үшін «Қазпошта» АҚ арқылы немесе газет редакциясынан жазылып, қолдау көрсетіңіз.

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласа аласыз:

8 (7282) 40-20-69,
8 7753558958,
8 7474106909.

Газетке KASPI QR арқылы
ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫН ҚАБЫЛДАУҒА ДАЙЫН

Қант қызылшасы – аймақта ауыл шаруашылығы үшін маңызды дақылдардың бірі. Оның мол өнім беруі шаруалардың еңбегі мен ауа райының қолайлы болуына тікелей байланысты. Қазіргі таңда шаруалар қант қызылшасын жинау науқанына жан-жақты дайындық істерін жүргізуде. Егіс алқаптарындағы техникалардың әзірлігі тексеріліп, жинау жұмыстарына қажетті құрал-жабдықтар ретке келтірілуде. Диқандар да биылғы өнімді ысырапсыз жинап-теріп, белгіленген мерзімде өткізуге күш салуда.



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

Айгүл БАЙБОСЫН

Осыған орай Көксу ауданының әкімі Дәулет Халелов ауыл шаруашылығы саласына жауапты мамандармен бірге Көксу қант зауытының қант қызылшасы өнімін қабылдауға дайын-

дығын тексерді. Зауыт өкілдерінің айтуынша, кәсіпорын 15 қыркүйектен бастап биылғы қант қызылшасы өнімін қабылдауға әзір тұр. Қазіргі таңда науқанды ұйымдасқан түрде өткізу үшін қажетті техникалар мен құрал-жабдықтар толық дайын.

Атап айтқанда, кәсіпорында бағалы дақылды қабылдауға арналған 5 арнайы машина, өнім

өлшейтін 3 таразы, сондай-ақ, қызылшаның сапалық көрсеткіштерін анықтайтын зертхана бар. Бұл құрал-жабдықтардың үздіксіз жұмыс істеуі өнім қабылдау науқанының тиімді әрі жүйелі өтуі үшін маңызды. Аудан әкімі жұмыс барысында техникалық құралдардың әзірлігіне, өнім қабылдау үдерісін дұрыс ұйымдастыруға және шаруалар үшін қолайлы жағдай жасауға ерекше назар аударды.

Сала қызметкерлеріне науқан кезінде туындауы мүмкін мәселелердің алдын алып, жұмыстарды үйлесімді жүргізу жөнінде тиісті тапсырмалар берілді. Қызылшаны уақытылы қабылдау, сапасын дұрыс анықтау және сақтауды ұйымдастыру шаруалар үшін де, өңірдің агроөнеркәсіптік кешені үшін де үлкен маңызға ие. Биыл кәсіпорында жиналған өнімді сақтау үшін жалпы көлемі 9 гектарды құрайтын кагат алаңы қарастырылған. Мұндай алаңның жеткілікті болуы жиналған тәтті түбірді тиісті жағдайда сақтап, оны өндірістік үдеріске кезек-кезеңімен бағыттауға мүмкіндік береді.

Қант зауыты үшін науқанның тағы бір маңызды қыры – жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту. Мәліметке сәйкес биылғы тәтті түбірді қабылдау және өңдеу кезеңінде кәсіпорында 470 адам жұмыспен қамтылады. Бұл маусымдық жұмыс орындарының ашылуына және аудан тұрғындарының еңбекпен қамтылуына оң әсер етпек. Ендігі кезекте, еңбегі мен мандай терін жерге сіңірген шаруалар үшін өсірілген өнімнің уақытылы қабылданып, сапалы өңделуі аса маңызды.

Сондықтан, алдағы қант қызылшасын қабылдау науқаны кезінде зауыт мамандары мен шаруалардың өзара үйлесімді жұмысы басты назарда болмақ. Өйткені даладағы мол өнімді дер кезінде жинап, оны сапалы өңдеу – ауыл шаруашылығы еңбегінің нәтижесін еселеуге мүмкіндік беретін маңызды тетік. Көксу қант зауытының биылғы науқанға дайындығы – өңірде қант қызылшасы өндірісін дамытуға, шаруалардың еңбегін қолдауға және ауыл шаруашылығы саласының тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам.

Көксу ауданы

БІР АУЫЛ – БІР ӨНІМ

ЖАРКЕНТ-
ТІК АРЗИГҮЛ
АБДУЛЛАЕВА
НАН ПІСІ-
РУДІ КӘСІП
ҚАНА ЕМЕС,
ӨНЕРГЕ АЙ-
НАЛДЫРЫП,
ӨЗІНІҢ ЕРЕК-
ШЕ ТУЫНДЫ-
ЛАРЫМЕН
КӨПШІЛІКТІ
ТӘНТІ ЕТІП
ЖҮР.



ТӘТТІ НАНМЕН
ТӘНТІ ЕТКЕН

Айгүл БАЙБОСЫН

Кәсіпкердің қолынан шыққан «Нан пирамидасы», «Нан себеті» секілді авторлық композициялар түрлі салтанатты шаралардың сәнін келтіріп, сұранысты арттыруда. Бүгінде тәжірибелі шебер республикалық «Бір ауыл – бір өнім» байқауының екінші кезеңіне жолдама алып отыр. Бұл – Арзигүл Абдуллаеваның көп жылғы еңбегі мен шығармашылық ізденісінің жемісі.

Ол нан пісірудің қыр-сырын Алматыда аспаз болып еңбек ететін әпкесі Нұрбуvidен үйренген. Жылдар өте келе көрген жанның көз жауын алатын нанның небір түрін әзірлейтін болды. 2018 жылы Панфилов ауданын таныстырып, республикалық саңза фестивалінде гран-при жүлдесін жеңіп алды. Ал халықаралық көрмелерде де өз өнерін паш етіп, Ташкент пен Антальяда қамырдан жасалған өнім түрлерін ұсынды.

Байқауға қатысу барысында шебер жергілікті өнімдерді де барынша пайдалануға мән береді. Атап айтқанда, қамырына ұн мен жергілікті күнбағыс майын қолданады. Бұл оның шығармашылығында туған өлкенің өнімдерін насихаттауға да ерекше көңіл бөлетінін көрсетеді. Арзигүлдің нан өнімдеріне Алматы, Астана, Көкшетау қалаларынан ғана емес, шетелден де тапсырыс түседі. Шебердің ерекшелігінің бірі – жары екеуі үй іргесіндегі жерде өсетін, сирек кездесетін кара зерө өнімдерін де пайдаланады. Нан пісіру өнері Арзигүл үшін отбасылық дәстүрдің жалғасына да айналған.

– Бала кезімнен анамның қамыр илеп, тандырға нан пісіргенін көріп өстім. Марқұм анам Гүлистан әр қонақты ерекше құрметпен қарсы алып, ыстық шайын ұсынып, ықыласқа бөленуші еді. Мен үнемі анама көмектесетінмін. Анам

маған тігін тігу ісін де үйретіп, қолөнерге баулыды. Сөйтіп, тігуді үйреніп, Шонжы ауылында оқу курсын бітірдім. Бірақ, мен тағам әзірлеп, нан пісіруді ерекше жақсы көрдім, – деп өткен күндерін есіне алды Арзигүл.

Бүгінде ол өзінің білгенін қызы мен келініне де үйретіп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын шеберлік мектебін қалыптастырып келеді. Қарапайым қамырдан өнер туындысын жасап, ұлттық тағамды жаңа қырынан танытып жүрген жаркенттік шебердің жетістігі – еңбектің, ізденістің және туған жерге деген сүйіспеншіліктің жарқын көрінісі. Енді Арзигүл Абдуллаева республикалық байқаудың келесі кезеңінде өз өнерін тағы бір мәрте көрсетіп, Жетісудың қолөнер мен ұлттық тағам мәдениетін кеңінен танытпақ.

Панфилов ауданы

ӘЛЕУМЕТ

ҚОЛДАУ
ҮМІТТІ ҰШТАЙДЫ

Адам өмірінде түрлі жағдай болады. Кейде отбасының табысы азайып, бала-шағаның қажетіне қаражат жеткізу қиындайды. Кейде денсаулығына байланысты күнделікті тіршілікте біреудің көмегіне мұқтаж жандар кездеседі. Осындай сәттерде мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік қолдаудың маңызы ерекше. Ақсу ауданында мұндай азаматтарға көмек көрсету бағытындағы жұмыстар жыл басынан бері жүйелі жүргізіліп келеді.



Гүлжан ТҰРСЫН

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қайрат Бекбалановтың айтуынша, бөлімнің негізгі мақсаты – көмекке мұқтаж адамды назардан тыс қалдырмай, оған қажетті қолдауды дер кезінде көрсету.

Жыл басынан бері 111 аз қамтылған отбасының 639 адамына 43 млн. 412 мың 752 теңге мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, төленді. Мұның соңында баласының қамын ойлаған ата-ана, отбасының жағдайын түзетуге тырысып жүрген жандар тұр. Әлеуметтік көмек осындай отбасыларға қиындықты еңсеруге аз да болса демеу болады. Әсіресе бала тәрбиелеп отырған отбасылар үшін мұндай қолдаудың орны бөлек. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың 1 жастан 6 жасқа дейінгі 179 баласына кепілдендірілген әлеуметтік топтама бойынша 4 млн. 927 мың 710 теңге төленген.

– Әр отбасының жағдайы әртүрлі. Сондықтан әлеуметтік қолдау көрсеткен кезде адамның нақты мұқтажына мән берген маңызды. Біздің жұмысымыздың мәні де осында – азаматтарға қолжетімді көмекті уақытында көрсету, – дейді Қайрат Тынбайұлы.

Адам үшін үйінен шығып, дүкенге бару, емханаға кіру немесе қажетті қызметті алу қалыпты нәрсе болып көрінуі мүмкін. Ал мүмкіндігі шектеулі азамат үшін осының өзі үлкен кедергі. Сондықтан ауданда мүгедектігі бар адамдардың жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасауға да көңіл бөлінуде. Әлеуметтік нысандарда пандустар орнату, есік босағаларын реттеу, санитарлық бөлмелерді бейімдеу, баспалдақтарға арнайы белгілер қою, тактильді такта мен қажетті ақпараттық құралдар орнату жұмыстары жүргізіледі.

Аудан бойынша Inva.gov.kz интерактивті картасына 96 нысан енгізілген. Соның 95-і бейімделген. Мүгедектігі бар азаматтарды қажетті құралдармен қамтамасыз ету де назардан тыс қалған жоқ.

Алты ай ішінде 53 адам міндетті гигиеналық құралдар, 10 адам сурдо-тифлотехникалық құралдар, 9 адам кресло-арбамен, 28 адам протездік-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз етілді. Ал 57 адам санаторлық-курорттық ем алуға мүмкіндік алды.

Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар 20 адамға жеке көмекші, тағы 4 адамға ымдау тілі маманы қызмет көрсетуде. Жеке көмекші қызметі сырт көзге қарапайым көрінуі мүмкін. Бірақ қозғалысы шектеулі адам үшін біреудің жанында болып, күнделікті қажетті шаруасына қолғабыс ету – үлкен қолдау. Әлеуметтік саланың жұмысы кейде есептегі сандармен өлшенеді. Алайда әр санның артында нақты адам, нақты отбасы, тағдыр бар. Сондықтан бұл саладағы ең басты нәтиже – қанша қаржы бөлінгені емес, сол көмектің кімге және қаншалықты қажет болғаны.

Ақсу ауданындағы әлеуметтік бағдарламалардың негізгі бағыты да осыған келіп саяды. Қиналған адамға қолдау көрсету, мүмкіндігі шектеулі жанға жағдай жасау, көпбалалы отбасына демеу болу – қоғамдағы адамдық жылылықтың бір көрінісі. Бөлімнің алдағы жұмысы да осы бағытта жалғасып, әлеуметтік көмекке мұқтаж әр азаматтың мәселесін шешуге мүмкіндік жасауға бағытталмақ.

Ақсу ауданы



ӨЗЕН
ЖАҒАСЫН
ТАЗАЛАДЫ

Медет ЖҰМАБАЙ



Қоршаған ортаның тазалығы мен табиғи байлықтарды сақтау әр азаматтың күнделікті дағдысына айналғанда ғана экологиялық мәдениет қалыптасады. Осы мақсатта еліміз бойынша жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында Қаратал өзенінің жағалауында «Таза жағалау» акциясы ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің тапсырмасына сәйкес өткен тазалық шарасына Қаратал ауданының тұрғындары өзен жағалауын тұрмыстық қалдықтардан тазартуға атсалысты. Сенбілік барысында табиғат аясында шашылып жатқан қоқыстар жиналып, жағалау аумағы ретке келтірілді.

Тазалық жұмыстарына 300 адам жұмылып, нәтижесінде 7 тоннаға жуық қоқыс шығарылды. Ауқымды жұмыстарды атқаруға 4 арнайы техника жұмылдырылды. Бірнеше сағатқа созылған сенбілік барысында қатысушылар өзен жағалауын тазалап қана қоймай, табиғатты аялаудың маңызын тағы бір мәрте көрсетті.

Сенбілікке аудан тұрғындарының белсенді қатысуы да көпшілік арасында экологиялық жауапкершіліктің артып келе жатқанын аңғартады. Өйткені табиғатты қорғау тек арнайы акциялар кезінде ғана атқарылатын жұмыс емес. Ол күнделікті өмір салты болуы тиіс. Қоқысты белгіленген орынға тастау, табиғи аумақтарды ластамау, жасыл желекті қорғау секілді қарапайым әрекеттердің өзі қоршаған ортаны сақтауға қосылған үлкен үлес.

Қаратал ауданы



оқушыларға көмек көрсетіп, олардың оқу жылын жақсы көңіл-күймен бастауына мүмкіндік беріп келеді.

ТИІСТІ КӨМЕК
КӨРСЕТІЛДІ

Жаркент қаласындағы Еңбекші орта мектебінде де аталған акция аясында әлеуметтік жағдайы зерделеніп, қолдауды қажет ететін отбасыларға тиісті көмек көрсету жұмыстары жүргізілді. Мектеп ұжымы мен қайырымды жандар көмекке мұқтаж оқушылардың жаңа оқу жылына дайындалуына жағдай жасады.

Акция барысында 3 оқушыға мектепке қажетті оқу құралдары, керек-жарақтар мен басқа да қажетті заттар табысталды. Балалардың жүзіндегі қуаныш – көрсетілген көмектің ең үлкен нәтижесі.

Қайырымдылық акциясының мәні тек материалдық көмек көрсетуде емес. Оның негізгі құндылығы қоғам мүшелерін бір-біріне жанашыр болуға, мұқтаж жанға қолдау көрсетуге, бала болашағына бейжай қарамауға үндейтіндігінде.

Білім алуға қажетті жағдай жасау – әр баланың жарқын болашағына жол ашу. Сондықтан осындай игі бастамалардың жүзеге асуына үлес қосып жүрген жомаңт жандарға, жанашыр азаматтар көп болсын.

Жаксылықтың үлкен-кішісі болмайды. Бір балаға көрсетілген қолдау – оның жүрегіне үміт ұялатып, болашағына сенім сыйлайды.

Айкерім СЕЙЛХАНҚЫЗЫ,
Ш. Уәлиханов атындағы орта мектептің әлеуметтік педагогы
Жаркент қаласы

КЕЛБЕТ

Бүгінде сексеннің сеңгірінен асқан жазушы Кұнсая Апай туралы бір үзік сыр айтудың сәті келген сияқты. Бала күнімнен бастап апайдың әңгімелерін оқып, шығармашылығымен жақын таныс болдым. Ақиқатын айтсақ, сонау Кеңес өкіметі кезінде жас қыздардың қалам ұстап, әдебиет әлеміне жол тартуы өте сирек кездесетін еді. Сол бір санаулы нәзік жанды қаламгерлер қатарында жазушылық талантымен оқырмандарының жылы ықыласына ие болған жетісулық Кұнсая Оспанова бар.

Көркемсөздің Кұнсаясы

Ол кісінің сырлы сезімге толы әңгімелерін оқып, осындай дүниелер жазсам деп армандайтынмын. Ертеде қалам ұстап, шығармашылыққа талаптанған қыздардың қарасы көбірек болғанын білемін, алайда мәреге жеткендері саусақпен санарлық қана болды. Оның себебі – таудай талабы бар, талантты қыздар отбасылық әлеуметтік жағдайына байланысты шығармашылықпен айналысуға мүмкіншілігі аз болғаны белгілі.

«Жазушы – өз дәуірінің жыршысы» деген ұғым бар. Біздің Кұнсая апай өзінің бойындағы жаратылыс берген талантын ұштап, сол кезде-ақ күнделікті өмірдің қарбалас құбылыстарының жүрек тынысын суреттеген көптеген шығармасын дүниеге әкелді. Әр қаламгердің өзіндік стилі мен бағыты болады. Апайдың қай әңгімесін оқысаңыз да адамның жандүниесін тербететін талай оқиғаларға қанық боласыз. Сан салалы тақырыптарға арналған шығармалардағы барлық оқиғалар өмірде болғанына ешбір күмән келтірмейсіз. Мысалы, «Қарлығаштар хикаясы» деген әңгімесін оқи отырып, құстардың тіршілігін суреттеген жазушының нәзік әлеміне тәнті боласыз. «Көзілдірікті қара», «Сағыныш», «Анамның әңгімесі», «Шырмауық», «Қос қайың» және тағы басқа дүниелерінде ауыл өмірін шынайы суреттеген. Махаббат әлемі, ана тағдыры, өмір өткелдері және тағы басқа тақырыпта жазылған шығармалары да өте қызықты.



одан кейін көрші ауылдағы Молотов атындағы мектептерде оқып, үздік бітірген. 1957-1959 жылдары шопан болған. 1959-1964 жылдары Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөлімінде оқып, 1965-1966 жылдары республикалық «Жұлдыз» журналында, одан кейін Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газетінде қызмет атқарған. 1980 жылдан бастап қалалық халықтық бақылау комитеті бастығының орынбасары болып, зейнетке шыққан. Бір айрықша атап өтетін мәселе осындай жауапты қызметтер атқара жүріп Кұнсая апай еліміз тәуелсіздік алған күннен бастап кезінде орыстанып кеткен Жетісудың көрікті, сән думанды қаласы Талдықорғанда қазақ тілінің салтанат құруына ықпал еткен адамдардың бірі.

Қалада қазақтілді балабақшалардың, мектептердің ашылуына, көшелерімізге ұлтымыздың ұлыларының есімін беруге атсалысқан. 1990 жылдан 2014 жылға дейін облыстық мұсылман әйелдері одағын және қалалық «Қазақ тілі» қоғамын басқарған. Медресе ашып, қазақтың қыз-келіншектерін имандылыққа баулып, ұлтымыздың салт-дәстүрін қалыптастыруға өзіндік

үлесін қосқан. Сонымен қатар оқырмандар көңілінен шыққан қаламгердің «Жүрек лүпілі», «Мың сайрамы адамның», «Жыр нөсер», «Тайғанақ кешулер», «Тағдыр иірімдері», «Аналар туралы баллада» атты кітаптары жарық көрген. «Қызғалдақтар», «Таңғы шық» атты жинақтарға бірнеше әңгімелері енгізілген. Бүгінде Кұнсая Оспанова Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Кұнсая Темірғалиқызы қаламын ұстай жүріп алты баланы өмірге әкеліп, тәрбиелеп өсірген отанасы. Қандай отбасылық қиыншылық болсын қажымаған, талмаған, сабырлы да салмақты сырбаз мінезді аяулы ана, ақжаулықты әже болды. Осындай қазақтың аяулы қызы деген атаққа лайық, өмірі өнегелі жазушымен болған шағын сұхбатта мынандай ойларын ортаға салған еді:

«Адамгершілік дегеніміз – күн шуағындай айналаға жылылық, жүректерге қуаныш, қоғамға жайдылық сыйлайтын ұлы сезім. Ол негізінде кеңпейілді, дарқан жүректі адал жандарға тән қасиет».

«Жастарға айтарым, өмір деген аққан судай тоқтамай жылжып тез өте шығатын құбылыс. Сондықтан уақыттан ұтылып қалмаңдар. Бүгін атқаруға болатын істі ертеңге қалдырмаңдар, себебі ертеңнің өз тірлігі, тынысы бар. Ерінішектікке, жалқаулыққа бой алдырмаңдар, себебі олар

тірлігіңді тежейтін қырсықтың өзі. Ұмтылыңдар, ұмтылғандар ұтады. Ұмтылғандар өрге шығады. Жаратылыс берген ғұмырыңды мәнді, мағыналы өткізу өзіңе байланысты».

«Жазушылық деген Алланың берген сыйы. Жазушы тек қиялға ғана беріліп қоймайды, өмірдің шынайы суреттерін оқырманға нанымды сан түрлі бояумен ұсынатын, сөз киесін қастерлейтін адам. Ал адам әлемінің толғанысын, сүйінішін, күйінішін шығарма арқылы жеткізу табандылықтың маңдай тердің жемісі. Менің еңбегім жеті кітап қана болып жарияланды. Аз екенін білемін. Себебі алты бала тәрбиелеп өсіріп, қырық жеті жыл бойы қызмет саласында жүрдім. Шығармашылықпен айналысуға толық мүмкіндігім болмады. Сондықтан талай жандүниемді тербеткен, оқиғасы қызықты әңгімелерімді кезінде қағаз бетіне түсіре алмай қалдым. Соған өкінемін».

«Нағыз махаббат терең толғаныстан туатын жандүниенің байрап алатын ғажайп сезім, ол әркімге бұйыра бермейді. Кейбір жастар алашқы қызығушылықты махаббат деп түсініп, сезімдерін шыңдап алмай асығыс үйленіп, тұрмыс құрып опық жеп жатады. Әр бір жас өзінің сезімін саралай білуі тиіс. Отбасы барып қызықтап қайтатын әлем емес».

«Із, шынайы махаббатсыз да тұрмыс құруға болады. Таласым жоқ. Бір-біріне деген сыйластық сезіммен, ортақ тіл табысып бақытты өмір сүріп жатқандар да баршылық. Қилықилы өмір шындығы осы».

Кұнсая апайдың осындай қысқа сұхбатынан-ақ өзгеше әлемі бар жазушылық қасиетін қастерлеп өткен, өзін де, өзгені де сыйлай білетін жан екенін ұқтық. Биыл сексен сегіздің өріне шыққан жазушы Кұнсая апайдың өмірі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болатыны сөзсіз. Өз заманының талабынан шығып, шығармашылықпен айналысып, талай қызметтің тізгінін ұстап, отбасының жүгін де көтерген, есімі тарихта қалатын жетісулық қыздардың бірі. Әлі күнге дейін сыры кетсе де сыны кетпей, қалам ұстаған Кұнсая апай жасына жас қосылып, көненің көзі болып алдымызда аман жүре берсе екен деген игі тілек айтқымыз келеді.

НұриЛА БЕКТЕМІРОВА,
жазушы

Талдықорған қаласы

ЖЕТІСУДЫҢ ЖАУҺАРЫН ТАНЫТҚАН



«Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейіне әлемнің көптеген елін аралап, тарихи және мәдени орындарды кең аудиторияға танытып жүрген танымал саяхатшы, контент авторы Ахмед Хаггагович арнайы келді.

Саяхатшы Жаркент қаласына сапары барысында тарихи нысан – Киелі ағаш пен «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейіне арнайы ат басын бұрып, музейдің бірегей сәулетімен және тарихи-мәдени мұрасымен танысты. Сапар аясында Ахмед Хаггагович Жаркент мешіті туралы өзінің миллиондаған оқырманы мен көрерменіне таныстыру мақсатында арнайы бейнематериал түсірді.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы сәулет өнерінің қайталанбас үлгісі саналатын Ж а р к е н т

мешіті – Жетісу өңірінің ғана емес, Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасындағы ерекше нысандардың бірі. М е

шіт сәулетінен қазақ, Орта Азия және қытай сәулет өнерінің өзіндік ерекшеліктері үйлесім тапқан.

Хаггаговичтің музейге келуі – Жаркент мешітінің тарихы мен сәулеттік ерекшеліктерін халықаралық деңгейдегі цифрлық аудиторияға таныстыруға мүмкіндік беретін маңызды қадам. Оның сапар барысында түсірген бейнематериалы арқылы Жетісудың тарихи орындарына шетелдік туристердің қызығушылығын арттыруға және өңірдің туристік әлеуетін кеңінен насихаттауға жол ашылады.

«Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейі ұжымы үшін мұндай кездесулер – тарихи-мәдени мұраны заманауи медиа мүмкіндіктер арқылы дәріптеудің, Жетісудың туристік брендин қалыптастырудың және өңірдің көрікті жерлерін әлемдік аудиторияға танытудың маңызды мүмкіндігі.

Жетісудың

тарихы мен мәдениеті енді музей қабырғасында ғана емес, әлемнің түкпір-түкпіріндегі миллиондаған көрерменнің назарында.

Тоғжан НҰРҒАЛИҚЫЗЫ

БІРАУЫЗ СӨЗ

Соңғы

жылдардың мектепке хиджаб, діни сипаттағы бас киім киіп келуі қоғамда жиі талқыланып жүр. Қазақстан – Конституциясында өзін зайырлы мемлекет ретінде орнықтырған ел. Ал зайырлылықтың маңызды қағидаларының бірі – мемлекеттік білім беру кеңістігінде қандай да бір діннің талаптарын өзгелерден жоғары қоймау, мектепті діни айырмашылықтарды айқындайтын ортаға айналдырмау.

Әр адамның діни сеніміне құрметпен қарау – өркениетті қоғамның белгісі. Алайда ата-ананың діни ұстанымы баланың мектептегі ортақ тәртіптен тыс қалуына негіз болмауы керек. Әсіресе кәмелетке толмаған баланы діни талаптарға ерте бейімдеп, оның киім үлгісін діни нышандармен айқындау мәселесіне жауапкершілікпен қараған жөн. Балаға ең әуелі сапалы білім, кең дүниетаным және өз таңдауын саналы түрде жасай алатын мүмкіндік қажет.

Мектеп формасы – жай ғана киім емес. Ол оқушыларды әлеуметтік жағдайына, отбасылық немесе діни ерекшелігіне қарай бөлмей, бір ортаға біріктіретін тәртіп нышаны. Мектеп қабырғасында баланың кімнің отбасынан шыққаны немесе қандай діни ұстанымға жақын екені емес, оның білімі, тәрбиесі мен талабы алдыңғы қатарда тұруы тиіс. Сондықтан әр ата-ана мектептің зайырлы сипаты мен ортақ форма талабын түсініп, оған құрметпен қарағаны абзал. Сенім – адамның жеке кеңістігі, ал мектеп – барша балаға ортақ білім алаңы. Осы екі ұғымның аражігін ажырата білу – қоғамның тұтастығы мен келер ұрпақтың саналы тәрбиесі үшін маңызды.

M. KYMISBEK



Мектеп – баланың дүниетанымы қалыптасып, білім мен тәрбие қатар берілетін қасиетті орта. Сондықтан оның табалдырығын аттаған әрбір оқушы ең алдымен білім алушы ретінде ортақ тәртіпке, белгіленген талапқа бағынуы тиіс. Соның бірі – мектеп формасы.

БІЛІМ мен ЗАЙЫРЛЫҚТЫҢ КЕҢІСТІГІ

КҮРЕТАМЫР

Ертеңін ойлаған ЕЛ АЗБАЙДЫ

Тіл – ұлттың жадын сақтаған асыл қазына, елдің елдігін айақтар рухани тұғыр. Халықтың тарихы, салт-дәстүрі, дүниетанымы мен болмысы ең алдымен ана тілінен көрініс табады.

Бүгінде қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту туралы көп айтамыз. Алайда тілдің тұғыры ең алдымен күнделікті қолданыста бекемделеді. Қазақша сөйлегенімізге мөз болып қана қоймай, тіліміздің тазалығы мен мәйегіне де мән бергеніміз жөн. Өзге тілдің сөзін орынсыз араластырып, ана тілімізді шұбарлау – тілге деген құрметті әлсіретеді.

Тілдің тағдыры тек мемлекетке немесе белгілі бір мекемеге жүктелер міндет деуге келмейді. Оның баянды болуы отбасындағы әңгімеден, балабақшадан, мектептегі тәрбиенед, қоғамдық ортадағы қолданыстан басталады. Бала бесіктен ана тілін естіп өссе,

балабақшада, мектепте сол тілде білім алса, көшеде, қызметте, мәдени ортада еркін қолданса, тілдің тамыры да тереңдей түспек.

Қазақ тілін ғылымның, білімнің, өнердің, ақпараттың тіліне айналдыру – заман талабы. Осыған орай біз балабақшада ана тілін ұлықтау, оны насихаттау мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырамыз. Бүлдіршіндерге мақал-мәтел жаттатамыз. Қазақы дәстүріміз ұмыт қалмасын деп ұлттық ойын ойнатамыз. Өйткені бүгінгі ұрпақтың тілі – ертеңгі ұлттың үні.

Ана тілін ардақтау – өткенді қастерлеу ғана емес, келешекке аманат арқалау. Тіл тіршілігін оның қолданылуы айқындайды. Қазақ тілін күнделікті өміріміздің өзегіне айналдыру – әр азаматтың перзенттік парызы. Дана халқымыз: «Ертеңін ойлаған ел азбайды», деп текке айтпаса керек. Ал еліміздің ертеңі болашақ ұрпақтың қолында. Сондықтан ана тіліміздің мәртебесін асқақтату, ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеу жолында аянып қалмайық.

Бақытгүл АБДРАХМАНОВА,
«Кәтия апа» бөбекжай -
балабақшасының тәрбиешісі

Тіл – ұлттың жаны, елдің шежіресі, ұрпақты ұйыстырар алтын арқау. Халықтың мінезі мен танымы, салты мен ғұрпы, көргені мен көкейге түйгені сөз арқылы сақталады.

Тіл – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Тіліміздің байлығы оның сөздік қорымен ғана өлшенбейді. Әр сөздің өз орны, өз жөн-жосығы бар. «Айтылған сөз – атылған оқ» деп білген халқымыз ауыздан шыққан сөзге жауапкершілікпен қараған. Уәдеге берік болған. Сондықтан ана тілінде сөйлеу азық етеді, оны қадіріне жеткізіп, жөнін тауып қолдану да керек.

Қазір қазақша сөйлейтіндердің қарасы көбейгенімен, оның нәрі мен нақышын сақтау мәселесі өзекті. Күнделікті әңгімеде бөгде сөздерді орынсыз қосып, сөйлемнің шырайын кетіретін әдет бар. Мұндай тілімізді

кемітпей, өз сөзіміздің мәйегіне жүгінген жөн. Өйткені халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан сөз саптауында кез келген ойды жеткізер қазына жетерлік. Ана тілінің алғашқы мектебі – отбасы. Өкенің өнегелі сөзі, ананың әлдиі, әженің ғиырты әңгімесі баланың құлағына сіңсе, тіл де көкірегіне қонады. Мектеп сол негізді бекемдеп, жас өреннің сауатын ашып, сөз өнеріне баулиды. Сондықтан бүлдіршіндерді қазақ тілінде таза сөйлету үшін білім ордасындағы біліміне баса назар аудару керек. Осыған орай жастарымыздың бойындағы тіл мәдениетін көтеру,

ұрпақты тіл тазалығына баулу, көнеден келе жатқан мұрамызды қастерлеу мақсатында мектебімізде Абай, Мағжан, Ілияс оқулары өткізіліп келеді. Сонымен қатар Тіл мерекесі қарсаңында да түрлі шаралар ұйымдастырылуда.

Қазақ тілінің өрісі ауыл-аймақпен шектелмей, ғылымда, білімде, кәсіпте, ақпарат кеңістігінде кеңеюі қажет. Жас буын қазақ тілін тек өткеннің мұрасы деп емес, бүгінгі заманның қажетіне жарар қуатты құрал деп қабылдауы керек. Ана тіліне жанашырлық – күнделікті дағдымен басталады.

Бабадан қалған сөзді жоғалтпай, кейінгіге аман жеткізу – бүгінгі буынның мойнындағы аманат. Тілге ие болу – елге ие болу. Сөзін сақтаған жұрт – өзін сақтайды.

Дидар ТОҚТАРБАЙҰЛЫ,
№15 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Талдықорған қаласы

Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «Zhetysu Gold Limited» ЖК ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: Жетісу облысындағы Онжас кен орнында тау-кен жұмыстары жоспары бойынша «Zhetysu Gold Limited» ЖК үшін кешенді экологиялық рұқсат алуға өтінім материалдары.

Әсерету аумағы: Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы. Жұмыс жүргізілетін учаскенің ауданы 180 гектарды құрайды. Жоба учаскесінің координаттары: 1. 44° 31' 36.4409" с.е., 79° 4' 49.0885" ш.б.; 2. 44° 31' 31.5306" с.е., 79° 5' 7.6802" ш.б.; 3. 44° 31' 26.5105" с.е., 79° 5' 10.2161" ш.б.; 4. 44° 31' 20.2664" с.е., 79°5' 22.5695" ш.б.; 5. 44° 31' 20.3768" с.е., 79° 5' 29.1725" ш.б.; 6. 44° 31' 36.9454" с.е., 79° 5' 59.6208" ш.б.; 7. 44° 31' 59.3354" с.е., 79° 5' 59.4141" ш.б.; 8. 44° 31' 59.111" с.е., 79°4' 27.8395" ш.б.; 9. 44° 31' 36.0958" с.е., 79°4' 28.5982" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 8 қазан сағат 15.30-да Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Шұбар ауылдық округі, Онжас ауылы, Балқашев көшесі, 16, орта мектеп ғимаратында өтеді.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://teams.microsoft.com/join/470907217368116?p=Yh7OUcNuQf99aYrJ> Конференция идентификаторы: 470 907 217 368 116, Кіру коды: JJ6bT7dx Тіркеу талқылауға дейін 30 минут бұрын басталады. Байланыс сұрақтары бойынша жоспарланған шараның бастамашысына қоңырау шалыңыз.

Жоспарланған жобаның бастамашысы: «Zhetysu Gold Limited» ЖК, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 12/1 ғимараты, 32-кеңсе. БСН – 251140901031, тел.: +7 701 765 0085, e-mail: ravil_mr@inbox.ru.

Жоба әзірлеуші: «АНТАЛ» ЖШС (26.11.2014 ж. №01714Р мемлекеттік лицензияны РММ «Мұнай-газ секторындағы экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті» мемлекеттік мекемесі берген. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі»). Мекенжайы: Алматы қ., Бұхар жырау 33, «Женис» БО, оф.50, БСН – 920940000013. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz

Жобалық құжаттама пакетімен ақпараттық жүйе <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында, сондай-ақ «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ЖАО мемлекеттік мекемесінің сайтында танысуға болады.

Жоспарланған жоба туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін алу мақсатында мына мекенжайлар бойынша хабарласуға болады: «Zhetysu Gold Limited» ЖК. Байланыс телефоны: 7 701 765 0085, e-mail: ravil_mr@inbox.ru және «АНТАЛ» ЖШС. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

Ескертулер мен ұсыныстар 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей ақпараттық жүйенің ndbecology.gov.kz сайтында, сондай-ақ Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26-үй., «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мекенжайы бойынша қабылданады, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz.

Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «Zhetysu Gold Limited» ЖК ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: «Жетісу облысындағы Онжас кен орнын игерудің тау-кен жұмыстары» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы сеп.

Әсерету аумағы: Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы. Жұмыс жүргізілетін учаскенің ауданы 180 гектарды құрайды. Жоба учаскесінің координаттары: 1. 44° 31' 36.4409" с.е., 79° 4' 49.0885" ш.б.; 2. 44° 31' 31.5306" с.е., 79° 5' 7.6802" ш.б.; 3. 44° 31' 26.5105" с.е., 79° 5' 10.2161" ш.б.; 4. 44° 31' 20.2664" с.е., 79°5' 22.5695" ш.б.; 5. 44° 31' 20.3768" с.е., 79° 5' 29.1725" ш.б.; 6. 44° 31' 36.9454" с.е., 79° 5' 59.6208" ш.б.; 7. 44° 31' 59.3354" с.е., 79° 5' 59.4141" ш.б.; 8. 44° 31' 59.111" с.е., 79°4' 27.8395" ш.б.; 9. 44° 31' 36.0958" с.е., 79°4' 28.5982" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 8 қазан сағат 14.30-да Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Шұбар ауылдық округі, Онжас ауылы, Балқашев көшесі, 16, орта мектеп ғимаратында өтеді.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://teams.microsoft.com/join/454805198840373?p=9WzYuw3Zf2h22VoR8W> Конференция идентификаторы: 454 805 198 840 373, Кіру коды: tP7Be3sA.

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Байланыс сұрақтары бойынша жоспарланған әрекеттің бастамашысына қоңырау шалыңыз.

Жоспарланған жобаның бастамашысы: «Zhetysu Gold Limited» ЖК, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 12/1 ғимараты, 32-кеңсе. БСН – 251140901031, тел.: +7 701 765 0085, e-mail: ravil_mr@inbox.ru.

Жоба әзірлеуші: «АНТАЛ» ЖШС (26.11.2014 ж. №01714Р мемлекеттік лицензияны РММ «Мұнай-газ секторындағы экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті» мемлекеттік мекемесі берген. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі»). Мекенжайы: Алматы қ., Бұхар жырау , 33, «Женис» БО, оф. 50, БСН – 920940000013. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz

Жобалық құжаттама пакетімен ақпараттық жүйе <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында, сондай-ақ «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ЖАО мемлекеттік мекемесінің сайтында танысуға болады.

Жоспарланған жоба туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін алу мақсатында мына мекенжайлар бойынша хабарласуға болады: «Zhetysu Gold Limited» ЖК. Байланыс тел.:+7 701 765 0085, e-mail: ravil_mr@inbox.ru және «АНТАЛ» ЖШС. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

Ескертулер мен ұсыныстар 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей ақпараттық жүйенің ndbecology.gov.kz сайтында, сондай-ақ Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26-үй, «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мекенжайы бойынша қабылданады, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPYU00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Мекенжайымыз:

Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28. Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09. Меншікті тілшілер: Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38. Газет келмеген жағдайда осы нөмірлерге хабарласыңыздар — 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09

Кезекші редактор: Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ

Объявление

ЧК «Zhetysu Gold Limited», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

Наименование проекта: Материалы к заявке на получение комплексного экологического разрешения для ЧК «Zhetysu Gold Limited» по Плану горных работ на месторождении Онжас в области Жетісу.

Территория воздействия: Республика Казахстан, область Жетісу, Кербулакский район. Площадь участка ведения работ составляет 180 гектар. Координаты участка: 1. 44° 31' 36.4409" с.ш., 79° 4' 49.0885" в.д.; 2. 44° 31' 31.5306" с.ш., 79° 5' 7.6802" в.д.; 3. 44° 31' 26.5105" с.ш., 79° 5' 10.2161" в.д.; 4. 44° 31' 20.2664" с.ш., 79°5' 22.5695" в.д.; 5. 44° 31' 20.3768" с.ш., 79° 5' 29.1725" в.д.; 6. 44° 31' 36.9454" с.ш., 79° 5' 59.6208" в.д.; 7. 44° 31' 59.3354" с.ш., 79° 5' 59.4141" в.д.; 8. 44° 31' 59.111" с.ш., 79°4' 27.8395" в.д.; 9. 44° 31' 36.0958" с.ш., 79°4' 28.5982" в.д.

Общественные слушания состоятся 8 октября 2026 года в 15.30 часов по адресу: РК, область Жетісу, Кербулакский район, сельский округ Шұбар, с. Онжас, ул. Балкашева, 16, здание СШ.

Для участия в общественных слушаниях онлайн необходимо пройти по ссылке: <https://teams.microsoft.com/join/470907217368116?p=Yh7OUcNuQf99aYrJ>

Идентификатор конференции: 470 907 217 368 116, Код доступа: JJ6bT7dx Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефонам инициатора намечаемой деятельности.

Инициатор намечаемой деятельности: ЧК «Zhetysu Gold Limited», Республика Казахстан, г. Астана, ул. Д. Қонаева, 12/1 оф. 32. БИН – 251140901031, тел.: +7 701 765 0085, e-mail: ravil_mr@inbox.ru

Разработчик: ТОО «АНТАЛ» (Государственная лицензия №01714Р от 26.11.2014 г. выдана РГУ «Комитет экологического регулирования, контроля и государственной инспекции в нефтегазовом комплексе. Министерство энергетики РК»). Адрес: г. Алматы, Бухар жырау 33, БЦ «Женис», оф.50, БИН – 920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте информационной системы <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу».

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам: ЧК «Zhetysu Gold Limited». Контактный телефон: +7 701 765 0085, e-mail: ravil_mr@inbox.ru или ТОО «АНТАЛ». Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний на сайте информационной системы ndbecology.gov.kz, также по адресу: область Жетісу, город Талдықорған, улица Кабанбай батыра, №26. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz.

Объявление

ЧК «Zhetysu Gold Limited», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях к «Плану горных работ на месторождении Онжас в области Жетісу».

Территория воздействия: Республика Казахстан, область Жетісу, Кербулакский район. Площадь участка ведения работ составляет 180 гектар. Координаты участка: 1. 44° 31' 36.4409" с.ш., 79° 4' 49.0885" в.д.; 2. 44° 31' 31.5306" с.ш., 79° 5' 7.6802" в.д.; 3. 44° 31' 26.5105" с.ш., 79° 5' 10.2161" в.д.; 4. 44° 31' 20.2664" с.ш., 79°5' 22.5695" в.д.; 5. 44° 31' 20.3768" с.ш., 79° 5' 29.1725" в.д.; 6. 44° 31' 36.9454" с.ш., 79° 5' 59.6208" в.д.; 7. 44° 31' 59.3354" с.ш., 79° 5' 59.4141" в.д.; 8. 44° 31' 59.111" с.ш., 79°4' 27.8395" в.д.; 9. 44° 31' 36.0958" с.ш., 79°4' 28.5982" в.д.

Общественные слушания состоятся 8 октября 2026 года в 14.30 часов по адресу: РК, область Жетісу, Кербулакский район, сельский округ Шұбар, с. Онжас, ул. Балкашева, 16, здание СШ.

Для участия в общественных слушаниях онлайн необходимо пройти по ссылке: <https://teams.microsoft.com/join/454805198840373?p=9WzYuw3Zf2h22VoR8W> Идентификатор конференции: 454 805 198 840 373, Код доступа: tP7Be3sA.

Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефонам инициатора намечаемой деятельности.

Инициатор намечаемой деятельности: ЧК «Zhetysu Gold Limited», Республика Казахстан, г. Астана, ул. Д. Қонаева, 12/1 оф. 32. БИН – 251140901031, тел.: +7 701 765 0085, e-mail: ravil_mr@inbox.ru

Разработчик: ТОО «АНТАЛ» (Государственная лицензия № 01714Р от 26.11.2014 г. выдана РГУ «Комитет экологического регулирования, контроля и государственной инспекции в нефтегазовом комплексе. Министерство энергетики РК»). Адрес: г. Алматы, Бухар жырау, 33, БЦ «Женис», оф. 50, БИН – 920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Информационной системы <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу».

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам: ЧК «Zhetysu Gold Limited». Контактный тел: +7 701 765 0085, e-mail: ravil_mr@inbox.ru или ТОО «АНТАЛ». Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний на сайте Информационной системы ndbecology.gov.kz, также по адресу: область Жетісу, город Талдықорған, улица Кабанбай батыра, №26. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz.

Хабарландыру

«Консолидированная Строительная Горнорудная Компания» ЖШС КР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1) Жобаның атауы: «Консолидированная Строительная Горнорудная Компания» ЖШС-нің «Бұзылған жерлерді қалпына келтіру» жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

2) Әсерету аумағы: Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Қоғалы ауылдық округі, Жайнак батыр ауылдық округі, Қаспан ауылдық округі.

3) Жария талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдаулар 2026 жылдың 14 қыркүйектен 25 қыркүйекке дейін, қоса алғанда, <https://hearings.ndbecology.gov.kz> ақпараттық жүйесінің сайтында өткізіледі, онда жобалардың материалдары орналастырылады. Талқыланатын жобалар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жария талқылаудың соңғы күніндегі сағат 18.00-ге дейін қабылданады.

4) Жоспарланатын отыраған қызметтің бастамашысы: «Консолидированная Строительная Горнорудная Компания» ЖШС, B49H5CO, БСН 120640017812. Занды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Мелеу ауданы, Достық даңғылы, 230, 503-кеңсе.

Нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылдық округі, Сарыөзек ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 1 «Г» ғимарат, e-mail: office@kskg.kz. Телефон: 8 (727) 390-62-61, +7 (777) 0318162.

5) Әзірлеуші: «Биосфера Казахстан» ГЗОО» ЖШС, 100012, БСН 071040007864. Занды және пошталық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Терешкова көшесі, 2/12, e-mail: biosfera.krg@gmail.com, 561750@mail.ru. Телефон: 8 (7212) 94-05-57, 94-05-58, 94-05-59; +7 (777) 487-14-15.

6) Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz> ақпараттық жүйесінде, сондай-ақ «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» сайтында «Жария талқылаулар» бөлімінде (<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural/press/article/details>) танысуға болады.

Объявление

ТОО «Консолидированная Строительная Горнорудная Компания» в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений.

1) Наименование проекта: Раздел охраны окружающей среды к проекту «Рекультивация нарушенных земель» ТОО «Консолидированная Строительная Горнорудная Компания».

2) Территория воздействия: область Жетісу, Кербулакский район, Когалинский сельский округ, Жайнак батырський сельский округ, Меспанский сельский округ.

3) Общественные слушания в форме публичных обсуждений состоятся с 14 сентября 2026 г. по 25 сентября 2026 г. включительно, на сайте информационной системы <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, где будут размещены материалы проектов. Замечания и предложения по обсуждаемым проектам принимаются до 18.00 часов последнего дня публичных обсуждений.

4) Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Консолидированная Строительная Горнорудная Компания», B49H5CO, БИН 120640017812, Юридический адрес: Республика Казахстан, город Алматы, Мелеуский район, проспект Достык, 230, офис 503.

Фактический адрес: Республика Казахстан, область Жетісу, Кербулакский район, Сарыөзекский с.о., с. Сарыөзек, улица Б. Момышұлы, здание 1 «Г», e-mail: office@kskg.kz, телефон: 8 (727) 390-62-61, +7(777) 0318162.